



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2014» атты
IX халықаралық ғылыми конференциясы

IX Международная научная конференция
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2014»

The IX International Scientific Conference for
students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION-2014»

2014 жыл 11 сәуір
11 апреля 2014 года
April 11, 2014



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2014»
атты IX Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
IX Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2014»**

**PROCEEDINGS
of the IX International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2014»**

2014 жыл 11 сәуір

Астана

УДК 001(063)
ББК 72
Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2014» атты студенттер мен жас ғалымдардың IX Халықаралық ғылыми конференциясы = IX Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2014» = The IX International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2014».
– Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2014. – 5831 стр.
(қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-610-4

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001(063)
ББК 72

ISBN 978-9965-31-610-4

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық
университеті, 2014

болады. To dine with Duke Humphrey фразеологизмін дәлме-дәл: «герцог Хэмфримен түстену» деп аудару да дұрыс емес, дұрысы: «түскі ассыз қалу» болады. Ұлттық бояуы жоқ ағылшын фразеологизмдерін орыс тілінде ұлттық бояулы фразеологиялық бірліктермен жеткізуге тырысу. Мысалы: on fire to fight like Kilkenny cats - өмір үшін емес, өлім үшін күресу, т.б. Егер де қандай да бір ағылшын тіліндегідей эквиваленті болмаса, бұл сөзбе-сөз аудармада түсініксіз жағдайға әкеліп соғуы мүмкін. Аудармашыға одан бас тартуға тура келеді оның жалпы мағынасын жеткізу және суреттеу аудармасын қолдану, мүмкін оның фразеологиялық бірлік мағынасын түсіну еркін сөздердің үйлесуі арқылы. Мысалға алсақ, ағылшын фразеологиясын a skeleton in the cupboard немесе a skeleton in the closet, білдіру мағынасы отбасы құпиясының басқалардан жасырылатын қолайсыз жағдай. Калькирование түсініксіз жайтқа әкеліп соқтырады «скелет шкафта». Яғни осы суреттеу аудармасының әдісімен жалғастыра беруіміз өте-мөте қажет, ол дегеніміз осы фразеологизм мағынасын еркін сөз үйлесімдігі арқылы түсіндіру.

Қолданылған әдебиет

1. Кунин А.В. Курс фразеологии современного английского языка. – Москва: Высшая школа, 1996. – 381с.
2. Peter Watcyn-Jones. Test your idioms. – China: Penguin English Guides, 2002. –133 p.
3. Қоңыров Т. Қазақ теңеулері. – Алматы: Мектеп, 1978. – 192 б.
4. Қайдар Ә.Т. Қазақ тілінің өзекті мәселелері. – Алматы: Ана тілі. – 1998. – 304 б.
5. Мықтыбаева Т.Ж. Қазақ және ағылшын тілдеріндегі анималистік фразеологизмдердің коннотативтік семантикасы: Дисс.филол.ғ.к. – Алматы, 2005. – 132 б.

ӘОЖ 811.512.122'25

КИНО АУДАРМАСЫНДАҒЫ СУБТИТР МӘСЕЛЕСІ

Бегалилова Айжан Маратовна

aijanbega@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университеті

Филология факультеті

Жалпы тіл білімі және аударма теориясы кафедрасының магистранты

Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Л.Б.Киманова

Субтитрлер көмегімен аудару әлемде ең кең таралған кино және видео аударманың (КВА) екі түрінің бірі болып табылады. Отандық ғылыми әдебиеттерде оны әр түрлі атайды: субтитрмен аударма (Горшкова), подтекст (Лотман), субтитрлеу. Соңғы нұсқасы студия мамандарының арасында кең қолданыс тапты, бұл жұмыста біз «субтитрлеу» терминін қолданамыз себебі ол бізге ықшамдығы себебінен өте ыңғайлы болып табылады (бір сөз) және маман емес адамдарға түсінікті («подтекст» терминімен салыстырғанда). Субтитрлеу деп ары қарай субтитрлерді жасау үрдісі айтылады.

В.Е.Горшкова әр түрлі ел мамандары аталған терминге берген анықтамаларын жалпылап, тіл аралық субтитрлеудің келесі анықтамасын ұсынды: «фильм диалогтарының негізгі мағынасын жеткізетін қысқартылған аударма... түпнұсқа нұсқадағы фильмнің визуалды қатарын баспа мәтін түрінде жалғастырады және әдетте экранның төменгі бөлігінде орналасады [1,39].

Субтитрлер үш категория бойынша классификацияланады (өзгеріс сипаты бойынша, өндіріс тәсілі бойынша, аудитория типі бойынша). Олардың кезек кезегімен қарастырайық:

I. Өзгеріс сипаты бойынша екі түрге бөлінеді:

1. Тілішілік субтитрлер;

2. Тіл аралық (аударылған) субтитрлер, соның ішінде Бельгия, Израиль, Финляндия, Швейцария және басқа да бір қатар екі немесе одан да көп мемлекеттік тілге ие елдердегі екі тілді субтитрлер (әр тілге субтитрлер қатары беріледі).

Тілішілік субтитрлер сурдоаударманы алмастыра отырып, жаңалықтар мен теле бағадарламаларда қолданылуы мүмкін. Сонымен қатар олар кейде опция ретінде кинофильмнің түпнұсқасының видео қатарына енгізіледі және есту қабілетінің ақауы бар көрермендерге арналады. Мұндай субтитрлер кейде «жабық» деп атайды, себебі олар фильммен бірге теле мәтін форматымен бірге трансляцияланады бұл көрерменге оны өз қалауымен қосуға немесе өшіруге мүмкіндік береді.

Тіл аралық субтитрлеу киножағдайында бірқатар ережелер мен шектеулерге ие үрдіс. Үрдіс екі кезеңге бөлінеді:

1. Кинофильм лингвистикалық жүйесін жазбаша аудару;
2. Субтитрлерді видео қатарға енгізу. Бұл жауапты және күрделі үрдіс.

Субтитрлер дайын фильм көшірмелеріне химиялық қышқыл немесе лазер көмегімен енгізіледі. Сандық видеомен жұмыс істеген жағдайда субтитрлер арнайы бағдарламалық өнімдер көмегімен енгізіледі.

Видео қатармен субтитрлерді синхронизациялаған жағдайда техникалық сипатқа ие бірқатар факторлар ескерілуі тиіс:

1. Қатар саны мен қатардағы символ саны. Жалпы қабылданған стандарт бойынша екі қатарлы субтитр қалыпты жағдай. Әр қатардағы символ саны отыз бестен (иероглифтар үшін он төрттен) аспауы тиіс.

2. Субтитрлердің киномәтіннің лингвистикалық жүйе жазбаша элементтерінің диететикалық және диететикалық емес бөліктеріне қатысты орналасуы. Субтитрлердің дәстүрлі орны: экранның төменгі бөлігі (ортасы мен немесе сол жақ бөлігімен түзетіледі, араб елдерінде оң жақ). Жапонияда субтитрлер буын иероглиф жазбасы түрінде экранның оң жақ бөлігінде вертикалды орналастырылады. Дәстүрді бұзуға келесі жағдайларда рұқсат беріледі:

- Кадрдың бүйір жағында орналасқан диететикалық мәтін ақпарат элементтерін аудару (экранда субтитр мәтіннің астында немесе үстінде орналастырылады);
- Кейіпкерлердің диалогымен қатар көрсетілетін субтитрлер бастапқы титрлердің композициялық өзара орналасуы (кей жағдайда түпнұсқа видео қатарда бар аударма субтитрлер). Бір немесе бірнеше бастапқы титр кадрдың төменгі бөлігінде пайда болуы мүмкін. Мұндай жағдайда олардың бір біріне кедергі келтірмеуі үшін субтитрлер жоғары жақта немесе бүйір жақта орналасады. Бұл жағдайда субтитр басты кейіпкердің бет жүзін жаппауы тиіс;
- Кадрдың төменгі бөлігінде видео қатардың концептуалды маңызды элементтерінің және субтитрлердің композициялық өзара орналасуы. Мұндай жағдайларда субтитрлер алдыңғы пунктте көрсетілген барлық шектеулерді ескере отырып, кадрдың кез келген бөлігіне орналасуы мүмкін.

3. Экранда көріну ұзақтығы. Көрермен субтитрдің барлық қатарларын оқып, түсініп үлгеруі тиіс. жүргізілген зерттеулерге сәйкес екі қатарлы субтитрдің оңтайлы көріну уақыты бес алты секунд (визуалды қабылдаудың орташа жылдамдығын ескерсек: секундына он бес символ) [2, 105]. В.Е.Горшкованың айтуы бойынша бүгінгі күні «бұл уақыт интервалы тым ұзақ деп есептеледі және төрт жарым бес секундқа дейін қысқартылады» [1, 40].

4. Синхронизм кейіпкердің сөзін жеткізетін субтитрлер кейіпкер сөзі басталған сәтте пайда болуы тиіс. аталған шартты сақтау тез диалог немесе полилог кезінде көрерменнің қай субтитрдің қай сөзге қатысты екендігін түсінуі үшін қажет.

5. Түс. Әдетте ақ түс қолданылады, алайда кей жағдайда кадрдың төменгі бөлігінде қар немесе қандай да басқа ашық түсті заттар пайда болуы мүмкін, олармен қатар ақ субтитр жоғалып кетуі мүмкін. Мұндай жағдайда субтитр не жоғары көтеріледі немесе басқа түспен беріледі. Ескі фильмдерде оқуға жеңіл болу үшін түрлі түсті (әдетте сары) субтитрлер қолданылады.

6. Эпизодты алмастыру. Эпизод соңында пайда болатын субтитр келесісінің басын ұстап қалмауы тиіс, яғни монтажды ауысу, алмасуға дейін жоғалуы тиіс. егер де кейіпкердің сөзі алдыңғы эпизодта айтылып, драматикалық сезім туғызу үшін, келесі эпизодтың басында кадрдан тыс айтылатын болса, субтитр сақталады. Кадрдан тыс сөздің бөлігі курсивпен беріледі. Бұл ережені тек ғана кадр ішілік монтаж ұзақ субтитрді қабылдауға кедергі келтіретін жағдайда ғана рұқсат етіледі. Басқаша сөзбен айтқанда киноаудармашы «өз жұмысында визуалды қатар ерекшеліктерін ескеруге және өз аудармасын актерлер іс әрекетіне, камера қозғалысына, монтажды ауысымға бейімдеуге міндетті» [3, 29].

7. Кино, видео және теле кадр сипаттамасы әр түрлі: экран көлемі, пикселдер саны, жарық мөлшері, проекция жылдамдығы және т.б. Осылайша, тоқсан минут ұзақтығы бар отыз бес мм пленкаға түсірілген толық метражды кинофильм үшін: егер де ол кинотеатрда үлкен экранда көрсетілсе, орташа мәнде тоғыз жүз қатар субтитр керек, видео форматтағы сол фильм үшін жеті жүз елу субтитр, ал теле форматта алты жүз қатар субтитр.

8. Киномәтіннің лингвистика жүйесінің диететикалық және диететикалық емес элементтерін аудару

Кесте 1. ЛЖ диететикалық және диететикалық емес элементтерін аударудың ерекшеліктері

Кинофильм лингвистикалық жүйесінің диететикалық элементтері	Кинофильм лингвистикалық жүйесінің диететикалық емес элементтері
Көрермендер сөзі: қарапайым шрифт	Кадр сыртындағы сөз (автордың ескертпелері немесе фильм көрермендерінің ішкі монологтары (ойлау): курсив, қарапайым шрифт және тырнақшалар
Жазбаша мәтіндер: 1. Кадрдағы хаттардың мәтіні, телевизор экранындағы және компьютер мониторияндағы мәтіндер және т.б: курсив, қарапайым шрифт, тырнақшалар. 2. Жазулар, хабарландырулар: бас әріппен, қарапайым шрифт немесе тырнақшалар	Жазбаша мәтіндер: 1. Бастапқы және соңғы титрлер: бас әріппен. 2. Интертитрлер: қарапайым шрифт 3. Тілаларлық субтитрлер: қарапайым шрифт 4. Әрекеттің уақыты мен мекенін көрсететін титрлер: бас әріп.
Кинофильм лингвистикалық жүйесінің диететикалық элементтері	Кинофильм лингвистикалық жүйесінің диететикалық емес элементтері
Өлең, көрермендер өздері орындайтын немесе тындайтын: курсив	Өлең, вертикальды монтаж элементтері ретінде: курсив, # символдары қойылады.

II. Өндіріс тәсілдері:

1. Уақытылы субтитрлау
2. Нақты уақыт режимінде субтитрлеу.

Уақытылы субтитрлеу екі кезеңде жүзеге асырылады: кинофильмның лингвистикалық жүйе элементтерін жазбаша аудару және фильмды кино немесе теле экраннан көрсеткенге дейін жасалған аударманы визуалды қатарға субтитр түрінде енгізу.

Соңғы уақытта теле таратушы тораптар эфирге нақты уақыт режимінде жасалған субтитрлерді жібереді, яғни түпнұсқа аудио визуалды өнім трансляциясы немесе көрсетілімімен бір уақытта. Осылайша, 1998 жылы АҚШ президенті Клинтон Левинский ісі бойынша куәгер болған кезде сот ісінің трансляциясы NOS Нидерланд компаниясы әзірлеген субтитрлермен таратылған болатын. Сандық телевиденияның дамуы шынайы уақыт режимінде тіл аралық субтитрлеуді қолдану саласына қатысты үлкен мүмкіндіктер ашады, бұл өз кезегінде өте күрделі міндеттердің бірі. Шет елде қазір синхронды мәтін терушілер, аудармашылар қатысатын тиісті тәжірибелер жүргізілуде және дауысты танудың

жаңа жүйелері сынақтан өткізілуде. Аталған инновациялық тіларалық субтитрлеуді пайдалану болашағы үлкен сала болып көрінеді. Мысалы, кино апталық жағдайында уақыт тығыз болған кезде, уақытылы аударманы жүзеге асыру қиындық туғызған жағдайда бұл таптырмас амал.

III. Әр түрлі типті аудиторияға арналған субтитрлер.

1. Субтитрлердің өзі;

2. Есту қабілетінде ақауы бар адамдарға арналған субтитрлер.

Субтитрлердің өзі беретін ақпарат кинофильмнің лингвистикалық жүйесі шеңберінде қатаң сақталады.

Есту қабілетінде ақауы бар адамдарға арналған субтитрлердің басты ерекшелігі кинофильмнің лингвистикалық емес жүйесінің дыбыстық бөлік элементтерін сипаттап беру (паратекстуальды ақпарат). Ол кинодиалог жоқ жағдайда оқшауланған түрде немесе сөз барысында мәгін алдында төртбұрышты жақшамен беріледі:

[Tumnus laughs] Now that ... that is my father.

[Тамнус жымып] ал бұл ... бұл менің әкем.

[жағымды инструментальды музыка ойнап тұр].

С.Бальдо концепциясындағы субтитрлеудің мәні

Киноаударманың басқа түрлерінен субтитрлеудің басты айырмашылығы субтитрлердің ауызша мәтіннің жазбаша формасы болып табылатындығы. Барлығымызға белгілі болғандай ауызша және жазбаша сөз бір бірінен стилистикалық және синтаксистік тұрғыдан айтарлықтай ерекшелінеді, сондықтан ауызша кодтан жазбаша кодқа ауысу бірқатар аранайы қиындықтармен қатар жүреді.

Субтитрлермен жұмыс істеу барысында кино аудармашы ең алдымен кеңістікті және уақыт сипатындағы шектеулермен бетпе бет келеді. Қатардағы символдар санындағы шектеу кейіпкерлердің сөйлеу жылдамдығымен қосқанда аудармашылық тактика мен стратегияны таңдауға тура әсерін тигізеді. Кино аудармашы субтитрлерде диалогтың ең негізгі бөлігін жеткізуге ғана ұмтылуы тиіс, яғни мағыналық тұрғыдан ең құнды ақпаратты таңдай білуі керек. Француз зерттеушісі С.Бальдо атап көрсеткендей, субтитрлерді жасау барысында «аудармашы әрекетінің мәніне деген дәстүрлі көзқарастардан бас тартып, аударманың нақты емес нұсқаларын ұсынуы керек [2,95]. Сондықтан да көптеген мамандар субтитрлеуді аударма емес, тіларалық бейімдеудің бір түріне жатқызғанды жөн деп санайды. Бальдо субтитрлеудің бес басты ерекшелігін атап көрсетеді. Оның пікірі бойынша субтитрлер:

1. Үйлесімді (transparent);

2. Жылдам ауысатын (ephemeral);

3. Тиімді (sparse);

4. Жалпылауыш (synthetic);

5. Әдейі нақты емес (freely unfaithful) [2, 91-93].

Бес сипаттаманың барлығы да өзара байланысты және шартталған. Осылайша, субтитрлердің «үйлесімділігі» дегенді Бальдо видеоқатарды олармен барынша аз дәрежеде «ластау» деп түсінеді.

Сонымен, кинофильмді толыққанды көру көрермен назарын видео қатар және аударылатын субтитр арасында біртекті бөлуді талап етеді. Субтитрлер өз кезегінде «түпнұсқа өнімдегі бөтен элемент» және сондықтан да «назарды өздеріне барынша аз аударса жақсы болады». Алайда субтитрлердің үйлесімдігі тек ғана техникалық факторлармен анықталмайды (экранда орналасу, бейтарап түс және т.б), сонымен қатар шет тілінде сөйлейтін көрерменге кино диалог түпнұсқа ойын жылдам түсінуге мүмкіндік беретін және назарының басым бөлігін видеоқатарға бөлуге мүмкіндік беретін лингвистикалық факторлармен де (ықшамдық және түпнұсқа сөздердің оңай жеткізілуі, ықшамдылық және жалпылау) анықталады. Бальдо концепциясы релевантты және тұтас болып табылады, себебі киноаударма саласындағы белгілі зерттеушілердің концептуалды ұстанымдарын жалпылайды.

Қолданылған әдебиет

1. Горшкова, В.Е. Перевод в кино. Иркутск: МИГЛУ, 2006. - 278 с.
2. Бальдо, С. Адаптация: пропедевтический метод обучения переводу. Вестник МГУ. Серия 22. Теория перевода. 2008. - № 2. - С. 85103.
3. Pettit, Z. The Audio-Visual Text: Subtitling and Dubbing Different Genres //Meta. 2004. - Vol. 49, n° 1. - P. 25-38.

ӘОЖ 81'373.612.2:32:81:004.738.5

ҒАЛАМТОРДАҒЫ ҚАЗАҚ ЖӘНЕ АҒЫЛШЫН ТІЛДЕРІНДЕГІ САЯСИ МЕТАФОРАЛОГИЯ

Даулетбаева Гауһар Нұрланқызы

gauhara_nur@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ

Филология факультеті

Жалпы тіл білімі және аударма теориясы кафедрасы

Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Ж.М.Коңыратбаева

Адамдардың өзара түсінісу, қатынас құралы тіл болса, оның лексикалық құрамының негізгі арқауы - сөз. Ол - қоғам мен табиғат құбылыстарының, адамның рухани өмірінің айнасы. Сөздердің мәнін, қолданылу сырын ашу, мағыналарына түсініктеме беру - қазақ лингвистикасының алдында тұрған елеулі міндеттерінің бірі. Осы ретте тілімізде сөздердің метафоралы қолданылуы - ерекше назар аударуды талап ететін тақырып. Өйткені сөз семантикасы, сөздің қолданылуы тәсілі, экспрессия яғни, мәнерлеу қасиетті тіл білімінде әлі де болса басы ашық мәселе емес. Қазір олардың көбі -бейнелі мәні солғындаған, жаттандылыққа айналған метафоралар. Осы жағын ескерсек, метафораны жеке ақын жазушылардың шығармасы бойынша ғана емес, жалпы тілдік категория ертіңде қарастыру қажет. Тіл тарихын зерттеуде метафораның мәні зор, оны сөйлеу мәдениетіміздің бір көрінісі ретінде, образды ойымыздың дамуы мен қалыптасуын көрсететін элемент түрінде арнайы қарастыру қажет.

Метафора бұл ғылыми зерттеу объектісі ретінде әрдайым ерте заманнан қазірге дейін гуманитарлық пән ретінде пайдаланды. Жүздеген жыл бойғы гуманитарлық ғылым метафора жайлы өте құнды білім иеленді және оның тілдегі рөлін айқындады. Сөздердің дағдылы, әдеттегіден тыс, ауыса қолданылуымен байланысты «метафора» термині ежелгі Грек және Рим заманындағы зерттеу - еңбектерден белгілі.

Метафораны орыс тілінде алғаш зерттеушілердің бірі М.В. Ломоносов «краткое руководство к риторике» деген еңбегінде оны сұлу сөйлеу тәсілі ретінде байымдайды. Ал көрнекті ғалым А.А. Потебня метафораның кездейсоқ сөз саптаудан емес, қажеттіліктен туатындығын атап көрсетті. Соған қарамастан XX ғасырдың соңғы онжылдығында метафораны зерттеу жаңа бір сатыға өткендігі байқалады. Бұл уақыт кезеңі тек қана осы тақырыпқа сәйкес жұмыстардың бірден көбейгендігі емес, сонымен қатар нысанның басқа парадигма зерттеуіне аударылуы, бұл өз кезегінде метафораны тіл және ойлау жүйесінің элементін жаңа перспективалардың ашылуын қарастырады. Зерттеулердің нәтижесінде метафора санада бейнеленетіндігі анықталды. Қазіргі заманғы психологтар оны адамның геноцизмі және адам мәдениетімен байланыстырады. Жоғарыда атап өткеніміздей метафораның тағы бір қыры саясат ағымында қолданыс табуы саяси метафорологияны көрінісін тілімізге әкелді. «Саяси метафорологияның жаңа ғылыми бағытта дүниеге келуі табиғи жағдаймен жүзеге асты. Саяси метафорология негізін салушыларының ойынша, метафорологиялық саймандардың саяси дискурста терең енуі және зерттеу нысаны саяси метафорологияның пайда болуына әкелді» [2].